

## Запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 222 қаулысы.

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес санда офицерлер құрамының лауазымдарында әскери қызмет өткеру үшін әскери қызметке жарамды және оны өткермеген запастағы офицерлер заңнамада белгіленген тәртіппен 2019 жылы екі жыл мерзімге әскери қызметке шақырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 23 сәуірдегі  
№ 222 қаулысына  
қосымша

## 2019 жылы әскери қызметке шақыруға жататын запастағы офицерлердің саны

Р / с №	Әскери қызметке шақыруға жататын запастағы офицерлер	Саны
1.	Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері	140
2.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі	60
3.	Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы	4
БАРЛЫҒЫ		204